

"Екібастұз өнеркәсіпсервис" ААҚ-ның иелігіндегі шектеулі мүліктің бір бөлігін сату жөніндегі мамандандырылған ашық аукционды өткізудің ерекше тәртібі мен шарттары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 ақпан N 217. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.06. N 497 ~P020497 қаулысымен.

"Екібастұз өнеркәсіпсервис" ААҚ-ның Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәнін ескере отырып, "Занды тұлға - салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары тыйым салған мүлікті сату жөнінде мамандандырылған ашық аукцион өткізудің тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 P950952_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 272-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Екібастұз өнеркәсіпсервис" ААҚ-ның иелігіндегі Екібастұз жүк тиеу-көлік басқармасының мүліктік кешенінің ("Трудовая" және "Ударная" станцияларын қоса алғанда) шектеулі мүлкін (бұдан әрі - Мүлік) салық қызметі органдары сатуының мыналарды көздейтін ерекше тәртібі мен шарттары, сондай-ақ мамандандырылған ашық аукционға қатысушыларға талаптар белгіленсін:

1) Мүлікті тиісті комиссия бастапқы құнын айқындаған соң бірнеше л о т т а р м е н с а т у ;

2) сауда-саттыққа қатысу үшін аванс кемінде 10 млн. теңгені құрауы тиіс;

3) сатылған мүлік үшін есеп айырысудың түпкілікті мерзімі

сауда-саттық өткізілген күннен бастап 3 банктік күннен артық болмауы тиіс;

4) мынадай:

мемлекеттік бюджеттің алдында мерзімі өткен борыштары жоқ;

темір жол тасымалдары саласында кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесі мен рұқсат ету құжаттарының немесе жылына 5 (бес) миллион тонна темір жол тасымалдары көлемімен тау-кен өндіру саласында жұмыс тәжірибесі мен рұқсат ету құжаттары бар.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.21. N 424
қаулысымен.

Р 0 0 0 4 2 4 _

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Омарбекова А.Т.
Қасымбеков Б.А.